



НҰРЛЫ- ЖАЛАЛЫ

№101
(2272)
Сәрсенбі
18 желтоқсан
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ДӘРІГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық көпбейінді ауруханада медицина қызметкерлерімен кездесті. Жиынға салалық министрліктің өкілдері мен өңірдегі денсаулық сақтау саласының қызметкерлері қатысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев мәжілісті жүргізіп, тұрғындарға медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесіне тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы 2022 жылы Қазақстан Республикасы Президенті лауазымына кіріскеннен кейін ең бірінші «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлыққа қол қойды. Елімізде «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы, «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда. Биыл облыстың медицина саласына 146 млрд. 200 млн. теңге қаржы бөлініп, ауқымды жұмыстар атқарылуда. Өткен 11 айдың қортындысымен негізгі көрсеткіштерде оң динамика



қалыптасты. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен 27 медициналық нысан салу жоспарланып, өткен жылы 15 дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет ел игілігіне табысталды. Қалған 11 нысанның құрылысы жақын күндері аяқталып, іске қосылады», - деді Н.Нәлібаев.

Мәжілісте Тамара Дүйсенова денсаулық сақтау саласындағы ауқымды жобаларға тоқталып, қатысушылардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Сонымен

қатар, Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев, "Әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорының" басқарма төрағасы Әбілқайыр Сқақов, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Исаков сөз алып, атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы баяндады.

Айта кету керек, өңірімізде 4 млрд. 500 млн. теңгеге төрт көпбейінді аудандық орталық аурухана жанынан қосымша құрылыс салу жоспарланған.

Шиелі ауданында 30 төсектік инфекциялық бөлімше, Шиелі көпбейінді ауруханасының қосымша құрылысы басталды. Қалған қосымша құрылыстар келесі жылы бой көтереді.

Облыс орталығында 36 млрд. 400 млн. теңгеге емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы жүруде. Арал ауданы, Сексеуіл кентінде 40 төсек-орынға, Жаңақорған ауданы «Төменарық» ауылында дәрігерлік амбулаториямен қоса 15 төсек-орынға арналған ауылдық аурухана құрылысы аяқталды. Жаңа нысандар жақын күндері ел игілігіне табысталады.

Ана мен бала өмірін қорғау басты назарда. Жыл басында көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, перинаталдық бөлім ашылды. Жаңақорған ауданында «Қамқорлық» оңалту орталығы пайдалануға берілді. Жақын күндері осындай орталық Арал ауданында ашылатын болады. Соңғы 2 жылда денсаулық сақтау мекемелеріне 225 санитарлық автокөлік табысталды.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ ГҮЛСАЯ ЕРЖАНДЫ ҚҰРМЕТПЕН КҮТІП АЛДЫ



Тайландта бокстан өткен Азия чемпионатында ел қоржынына алтыннан олжа салып, жеңіске жеткен жерлесіміз Гүлсая Ержанды Қазалы жұртшылығы құрмет көрсетіп күтіп алды.

81 келі салмақ дәрежесінде шаршы алаңға шыққан Гүлсая Ержан финалдық кездесуде украиналық боксшы Карина Айрепитянды 5:0 есебімен айқын басымдықпен жеңіп, Азия чемпионы атанды.

Жерлесімізді аудан әкімінің орынбасары Болат Жолтаев бастаған бірқатар азаматтар күтіп алып, Тәуелсіздік күні қарсаңында алған бұл жеңіс қазалылықтарға үлкен тарту болғанын, ел мерейін өсіргенін айтты. Сөз соңында Гүлсая Ержанға ерекше алғысын білдірді.

Шара соңында қазалылық жанкүйерлер чемпионмен естелік суретке түсіп, жылы лебіздерін білдірді.

БИБАРЫС ӘЛІШ «ДАРЫН» МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЛАУРЕАТЫ АТАНДЫ



Жыл сайын елімізде ғылыми, шығармашылық, қоғамдық қызметте, сондай-ақ спорт және басқа да салаларда жоғары жетістіктерге жетіп жүрген жастарға «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығы табысталады.

Кеше ғана Астана қаласында Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі

Аида Балаеваның қатысуымен "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары марапатталды.

Шарада Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің Ікурсмагистранты, Қазақстан Республикасының Президенті стипендиясының иегері, қазалылық жас Әліш Бибарыс Сәукенұлы 2024 жылғы «Классикалық музыка номинациясы» бойынша «Дарын» Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанды.

Мемлекеттік жастар сыйлығын табыстау шарасында Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева «Ұлттың болашағын Сіздер айқындайсыздар. Сондықтан мемлекет басшысы өздеріңізге үлкен үміт артады. Мемлекет өз тарапынан жастарды жан-жақты қолдауды жалғастырады», - деді.

Мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанған жерлесімізді жетістігімен құттықтай отырып, шығармашылық табыс тілейміз.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайсысын болмасын да қатты алаңдататыны айқын.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы — адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі — сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру — сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет — бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Мамандар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары үнемі бақылауға алынған. Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұданда биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту — әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Асхат МУСАЕВ,
Қазалы аудандық сотының
аға сот приставы

ЖАҢА ҚҰРЫЛАТЫН КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАРДЫҢ МАҚСАТТАРЫ

2024 жылы 5 шілдеде Мемлекет басшысы тәуелсіз кассациялық соттарды құруды көздейтін Конституциялық заңға қол қойды. Бүгінгі қабылданған заң кассациялық сот ісін жүргізу тәртібін жетілдіруге бағытталған.

Заңда азаматтық және қылмыстық істерді кассациялық сатыда алдын ала қарауды алып тастау ұсынылған. Енді азаматтар сот актілерін қайта қарау туралы арыз емес, кассациялық шағым түсіретін болады. Сот ісін жүргізудің барлық түріне кассациялық қадағалаудың бірыңғай ережелері енгізіледі. Енді әкімшілік істер бойынша сот актілері апелляциялық шағым жасалғаннан кейін заңды күшіне енеді.

2025 жылдың 1 шілдесінен бастап тәуелсіз кассациялық соттардың құрылатынына байланысты Жоғарғы Соттың рөлі өзгереді. Ол сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге бағдарланады. Сот төрелігін тек жергілікті және кассациялық соттар жүзеге асырады.

Кассациялық соттарды құрудың негізгі мақсаттарына келсек сот әділдігін қамтамасыз ету. Кассациялық соттар сот шешімдеріне қосымша тексеру жүргізу арқылы заңдылық пен әділдікті қамтамасыз етеді. Бұл инстанция қателіктерді анықтап, әділетсіз шешімдерді түзетуге мүмкіндік береді.

Жоғарғы соттың жүктемесін азайту. Бұрын кассациялық шағымдар тікелей Жоғарғы сотқа жолданатын болса, жаңа кассациялық соттар бұл міндетті өз мойнына алып, Жоғарғы сотқа тек ең

күрделі және маңызды істерді қарауға мүмкіндік береді.

Сот шешімдерінің сапасын арттыру. Кассациялық соттардың енгізілуі сот шешімдерінің сапасын жақсартуға, заңдардың біркелкі және дұрыс қолданылуына ықпал етеді.

Ал, ерекшеліктеріне келетін болсақ - сот жүйесінің жұмысында цифрландыру және қазіргі инновациялық бағыттарды кеңінен пайдалану. Өйткені, кассациялық соттардың жұмысында заманауи технологиялар мен цифрлық шешімдер кеңінен қолданылады, бұл құжаттарды электронды түрде қабылдау мен қарау процесін жеңілдетіп, істі қарау уақытын қысқартады.

Кассациялық соттар Астана қаласында қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша жұмыс жасамақ. Олардың істерді қарау мерзімі алты айдан аспайды. Сот талқылауы тараптардың шақырылуымен ауызша жүргізіледі.

Кассациялық соттардың құрылуымен Жоғарғы Соттың рөлі де өзгереді, ол сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуге бағытталады. Жоғарғы Сотта сот актілерін қайта қарау Жоғарғы Сот судьясының ұсынысы бойынша ерекше жағдайларда ғана, яғни егер оларды сот тәжірибесіне қайшы жергілікті немесе кассациялық соттар қабылдаған болса, мүмкін болады.

Жаныбек БОСТАНДЫҚҰЛЫ,
Қазалы аудандық
сотының судьясы

ӨРТ – ТІЛСІЗ ЖАУ, ТҰРҒЫН ҮЙДІ ӨРТТЕН САҚТАЙЫҚ!

Құрметті Қазалы ауданының тұрғындары. Жеке тұрғын үйлерде өртті болдырмау мақсатында, өрт қауіпсіздігін сақтау, өрттің тілсіз жау екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Сонда да өрт оқиғалары жеке тұрғын үйлерде көп орын алып отыр. Кейбір адамдар қыс уақытында өрт болмайды деп, ойласа қателеседі.

Қыс мезгілінде жеке тұрғын үйлерде ережеге сай салынбаған жылу пештерінің ақаулығынан өрт оқиғалары болады. Қысқа әзірліктің бірі – жылыту құралдарын мұқият дайындау.

Дұрыс күтім жасалмаған, сондай – ақ дұрыс салынбаған жылу пештері талай азаматтарды сан соқтырып жатыр. Негізінен ереже бойынша пештің түтін жолдары 2 айда бір рет тазартылып отыруы қажет.

Пештің түтін жолдары үйдің негізгі құрылысынан дербес орналастырылады. Үйдің

қабырғасы және жабуы қималарындағы жанбалы құрылыс материалдар мен түтін жолы аралығында бос аралық (противопожарная разделка) кесекпен қаланған көлемі 38 сантиметр, отқа қарсы төзімділік құраммен өңделген қорғағыш 25 сантиметрге дейін бос аралық қалдырылуы тиіс.

Бұндай бос аралық көлемі бала бақша, аурухана, мектептерде, асханаларда көлемі 51 сантиметр болуы шарт. Жылу пешінің алдындағы еденге көлемі 50x70 сантиметр қаңылтыр қағылады.

Жылу пешін еденнің бетіне орнатуға болмайды. Уақытша қолдан жасалған темір пештерін орнатқан жағдайда, темір пештерінің аяқтарының биіктігі 0,2 метрден кем болмауы тиіс, еденнің бетіне бір қатар кесек өріліп, батпақпен сыланып темір пеш орнатылады.

Ағаш конструкцияларынан және ағаш жиһаздардан 1 метр

қашықтықта, беті сыланған қабырғалардан 0,7 м қашықтықта орнатылуы тиіс.

Негізінен пешті арнайы мамандығы бар адамдарға салдырған жөн.

Қыстың күні боранда пештің тартпай қалуы, немесе саңылауларынан от қашуы салдарынан оны қайта салып әбігерге түспес үшін, өрт қауіпсіздігі талаптарына сай етіп салу қажет.

Пеш дұрыс жанбаған, немесе жан – жағынан жалын шашқан жағдайда тездетіп арнайы маманға көрсетіп алған дұрыс. Өрт-тілсіз жау. Аяқ астынан шыққан өрт зардабы, орны толмас өкінішке душар етеді. Бұл апаттан сақтану үшін әрбір тұрғын үй иесі сақтық шараларын сақтауы керек.

Қайрат НӘБИЕВ,
Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімінің аға
анықтаушысы,
азаматтық қорғау
капитаны

«АРАНДЫ» – ҚҰТТЫ МЕКЕНІМ

«Аранды» қырының етегін жағалай қоныстанған ауыл балалық шағымыздың жарқын куәсіндей жылылықпен елестейді. Ауыл шағын ғана еді. Екі көшенің бойында ылғи іркес-тіркес тоқал тамдар қатар-қатар орналасқан-ды. Төбесі шифермен жабылған үйлер колхоз орталығында небәрі үшеу-ақ еді. №25 орта мектеп үйі мен Аймағамбет дүкеншінің азық-түлік аралас дүкені және Әжімұрат Жәрімбетов басқарманың үйі. Қалғандары бір-біріне ұқсас жатаған тоқал тамдар.

Ойхой, балалық шағымыздың ең қызықты, нұрлы, шуақты күндері өткен, есейіп ержеткен кездеріміздің куәсі аулымыздың қоныстану тарихы сонау 1949 жылдан бастау алады. Үлкендердің әңгімелерінен ұққанымыз, осы жылы шағын «Социализм», «Жантақты» колхоздары біріктіріліп, А.Жданов атындағы колхоздың (қазіргі «Аранды аулы» іргесі қаланады. Ал, 1958 жылы М.Горький және А.Жданов атындағы колхоздар ірілендіріліп, А.Жданов («Аранды») атауын иеленеді. Колхозшылар ұжымы негізінен мал шаруашылығымен, арпа, бидай егісін өсірумен айналысады. Колхоз басқармасының төрағасы Әжімұрат Жәрімбетов басқа қызметке ауысқан соң орнына Әмітжан Әміртаевтың сайланғаны есімізде қалыпты.

Соғыстан кейінгі жылдары бейбіт өмірде колхоз шаруашылықтарының іргесі бірте-бірте нығайып, мемлекет тарапынан бір-жар техникалар мен автокөліктер берілген соң колхозшылардың атқаратын жұмыстарының көлемі ұлғая түскен. Мемлекетке ет, сүт, жүн, егінді жоспарға сәйкес тапсыру міндеті қатаң талап етіле бастаған.

1963 жылдың ақпан айында Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің қаулысымен өзге жердегідей Қазалы ауданында да колхоздар біртіндеп таратылып, Жданов («Аранды»), Жанкент, Энгель атындағы колхоздардың біріктірілуімен Энгельс атындағы совхоз ұйымдастырылды. Жоғарғы жақтың ұйғарымымен совхоз орталығы бұрынғы колхоз орталығы Ждановтан (Аранды аулы) бөлімше орталығы Қожабақыға ауыстырылды. Жаңа ұйымдастырылған шаруашылықта екі қой, ірі қара фермасы мен егіс бригадасы жұмыс атқарғанына ауыл тұрғындарының көпшілігі куә. Шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыру, шаруаның ығытын табу, әр ұжымнан келген мамандардың бірлігін сақтау, оларды іскерлік қабілетіне қарай бағалау, орналастыру, кадрларды білігіне қарай тағайындау жұмыстары оңайлықпен жүзеге асырылмағаны аян. Жұмыс барысында кемшіліктер, ағаттықтар да орын алғанын, оны жөндеп қалпына келтіру машақаты басшылардың жүйкесіне салмақ салғаны да рас. Әйтсе де шаруашылық жұмыстары бірте-бірте тәжірибе жинақтару, көпшілікпен ақылдаса жұмыс атқару арқылы ілгері басты. Осылайша алға қойған міндеттер биігі қиындықпен бағындырылды.

Совхоздың алғашқы директоры Нағашыбай Қожабаев жылдан аса қызмет атқарды да жоғарғы басшылықтың ұйғарымымен басқа жұмысқа ауыстырылды. Оның орнына келген тәжірибелі маман Есенәлі Құлахметовтың есімі сол кездегі ауылдастары арасында әлі құрметпен аталады. Абзал азамат төрт жыл директорлық қызмет атқарғанда шаруашылықтың кем



кетігін түгендеп, ұжым жұмысын өрге сүйреді десе де болады. Білікті басшы шаруашылықтың негізін қалап, оның жұмысын жолға қойды. Батыл ұсыныстарын жоғарғы органдардың алдына қойып, оның жүзеге асырылуына қолдан келгенше атсалысты.

Есенәлі Құлахметовтың кезінде шаруашылықта ауыл шаруашылығы дақылдарының көлемі 350 гектардан 1000 гектарға дейін өсті. Кеңшар орталығы да өсіп, өркендеп, жаңадан клуб, асхана, 450 орындық орта мектеп, жұмысшы-қызметкерлер үшін тұрғын үйлер салынды. Осылайша шаруашылық өмірінде директордың өз қолтаңбасы өрнектелді.

Шаруашылықты 1968-1976 жылдары іскер маман Жарылқасын Шәріпов басқарғанда совхоз күріш егісімен айналысуға ерекше мән берді. Нәтижесінде егіс көлемі 2000 гектарға дейін жеткізіліп, шаруашылық күріш фабрикасы атауын иеленді. Дикандар күріштен мол өнім жинап, совхоз экономикасы алға өрледі. Жұмысшылардың тұрмыстық жағдайлары жақсара түсті. Осы жылдары еді ғой Энгельстік диқандардың еңбек бәсекесінде топ жарып, мерейлі межелерді бағындырғаны.

Нақтырақ айтсақ, 1970 жылы шаруашылық мемлекетке 65000 центнер сыр маржанын тапсырып, ауданда бірінші болып жоспарын асыра орындап, айды аспанға бірақ шығарғаны. Еңбегіне қарай өнбегі демекші мол өнімге қол жеткізгендер сол жылы Отан наградасын молынан иеленіп, қуаныштан мәре-сәре болды. Еңбек адамының нұрлы жүзінен қуаныш шуағы молынан төгілген күндер, айлар кейінгі жылдары да жалғасын тапты.

Атап айтсақ бригадир, күрішші-механизаторлар: Ұзақ Қанимағамбетов, Бірлік Әйпейісов, Қуаңбай Рахметов, Айталы Қылышбаев, Қаразым Есенаманов, Айғара Мамырбаев, Дүзубай Оразымбетов, Ранайкүл Қосбармақова, жылқышы Қуаныш Ашықбаев және басқаларының төсінде Ленин, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері еңбек шамшырағындай жарқырады.

Әр жылдары шаруашылықты басқарған: Бүркіт Жөкелов, Ермағанбет Жұбатқанов, Оңдасын Жарасов, Баймұрат Теміров, Әнес Дидаров, Рахманберген Жұмағамбетовтердің ауыл адамдарының

тұрмыстық жағдайын жақсартуға қосқан үлестерін атап айтуға болады.

2001 жылы ауыл округіндегі акционерлік қоғам тарап, «Агро-Өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылып, оны Муса Әлиев, Нәби Әбдуов, Нұркен Әлиев басқарды. «Агро-Өркен» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне танымал азамат, ауданға белгілі кәсіпкер Мерей Есқожаев демеуші инвестор болып келгелі серіктестік жұмысы кең тыныс ала бастады. Қазір серіктестіктің бес ауыспалы егістігінде 2341,7 гектар тегістелген жерге кестесі (ротациясы) сақталып егіс егілуде. Шаруашылықта науқан сайын үш К-700, үш Т-150, сегіз МТЗ-80 және малютка –экскаватор тракторлары, бес күріш бастыратын комбайн, екі «Магдон» күріш оратын жатқасы және шетелдік күріш жинайтын комбайны, тағы басқа техникалар өнімді жұмыс атқарады. Серіктестік 50 ауыл тұрғынын жұмыспен қамтыған. Тіпті, жыл сайынғы науқандық жиып-терін кезінде 80-ге жуық жергілікті тұрғын жұмысқа тартылады.

Атап айтар жағдай М.Есқожаев басқаратын серіктестік ауылдағы бала бақша, мектеп, мәдениет үйі, мешітке, тағы басқа ұжымдар мен тұрмысы төмен отбасыларға үнемі демеушілік көрсетіп келеді. Соның бірін айтсақ, Қожабақы ауылдағы «Ділімбет ишан» мешітін жөндеу жұмыстарына 500 мың теңге көлемінде көмек бергенін ауылдастарымыз жиі ауызға алады. Сонымен қатар серіктестік ұжымы егін жинаудың қортындысымен жарыс жеңімпаздарына жеңіл автокөлік сыйлау арқылы еңбек адамының маңдай терін бағалауда аудан кәсіпкерлеріне үлгі көрсетіп отыр. Бүгінгі күнге дейін 6 күрішші-механизаторға жаңа автокөліктің кілті тапсырылды.

Құрамында «Аранды», Қожабақы ауылдары бар «Аранды» ауылдық округінің негізі 1923 жылы құрылғанымен 1949 жылы «Аранды» ауылдық кеңесі болып аталған. Оның бұрынғы төрағаларын сұрастырып көргенімізбен нақты есімдерін біле алмадық. Біздің жастық шағымызда Мәуе Еселбаева апамыздың ауылдық Советтің төрағасы қызметін атқарғанына қанықпыз. Ірі денелі, төртбақ келген қайратты, айбатты апамыздан ер адамдардың өздері именуші еді. «Аранды» ауылының тұрғындарының үлкен-кішісі түгел амандасып құрметтеп сыйлайтын. Одан кейінгі ауылдық кеңестің төрағасы Әмірзақ Меңдіқұлов ағамызды да сырттай білетінбіз. Рая есімді үлкен қызы бізбен бір класта оқыды. Алайда ауыл ағасының денсаулығы кенеттен сыр беріп, Алланың ісіне не дерсің. Ол кісі негізі «Майдакөл» ауылдық округінің азаматы болуы керек.

Темірбай Емешов ақсақал ауылдық кеңесті ұзақ жылдар басқарды. Елдің қадірменді азаматы атанды. Ұрпақтары да осы ауылда ержетіп, есейіп, түрлі салада қызмет атқарды. Бізбен қатар үлкен ұлы Алмас көп жылдар №25 орта мектепті басқарып, абыроймен зейнет демалысына шықты.

Ауылдық округті басқарғандар тізбесін қадірменді азаматтар: Аманкелді Есетов, Рахманберген Жұмағамбетов, Шаттық Ахметов, Толықбол Аманов, Қожахмет Қуанғали болып жалғастырады. Қазіргі округ әкімі ауданға белгілі азамат Әбілғазы Томаев.



«АРАНДЫ» – ҚҰТТЫ МЕКЕНІМ

(Соңы. Басы 3-ші бетте)

Жоғарыда «Аранды» ауылдық округіне «Аранды», Қожабақы ауылдары қарайтынын айтып өткенбіз. Жер көлемі 11200 гектар, 375 отбасында 2004 тұрғын тұрады. Халық негізінен мал ба-сын өсірумен айналысады. Екі ауылда 6680 мүйізді ірі қара, жылқы, түйе, қой, ешкі малдары және құстар бар. Ауыл тұрғындары осылайша мал өсірумен тұрмыстарын жақсартуға бейімделген. Қуантатыны ауылдың жайылымдық төскейі адамдардың құты болып келген төрт түлікке толы.

Ауылдық округте халыққа ауылдық емхана, фельдшерлік пункт, балабақша, ауылдық мәдениет үйі мен клуб, кітапхана қызмет көрсетеді. №25, №97 орта мектептерде ауыл балалары оқып, сапалы білім алуда. Бұл ретте ұстаздар қауымының оқушыларға білім мен тәрбие берудегі еңбегі ерекше.

Сондай-ақ, арандылықтар өз орталарынан түлеп ұшқан, кейін есімі елге белгілі болған азаматтарды мақтан етеді. Жерлестеріміз деп құрмет тұтады. Ғалымдар мен ақын-жазушылар: Академиктер: Ерболат, Шымболат Дәленов, Бегалы Айтбембетов, филология ғылымдарының докторы, профессор Амантай Шәріпов, ғылым кандидаттары: Алданияз Ерқалауов, Гүлжауһар Сәрсенова мен Нұрлыбек Келмағамбетов, халық ақыны Байназар Өтепұлы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелері: Әлмәмбет Әлішев, Сейіл Боранбаев, Әнес Нарымбетов, Мешітбай Құттықов, Ақанжан Келімбетов, Жетіскен Мәкенәлиев, Нұрперзент Домбаев, Сексенбай Күлімбетов, жергілікті ақындар: Ғабиден Қожахметов, Әмірхан Қанаев, Медетбай Түйебаев, Раушанбек Шарапатов, Дина Бөкебаева, Нұргүл Жәниетова, Ақтілік Темірбайұлы, жыршы-термешілер: Жасталап Оңдабаев, Серік Қатішев, Нұргүл Шайықова, Айда Елтай, Бақыт Исаев, жыраулар: Иса Тұтқышбаев, Пахуадин Қатішев, әншілер: Шамшагүл Захарова, Күлмараш Сахиева, Бақытжан Тұтқышбаев, Демекбай Әбілов, Гүлімхан Мінсізбаева, Мұрат Әділов, Мөлдір Малдыбаева, Айсұлу Жеткерген, Саламат Сәрсенов, Құлпыбай Жөкеев, Нұрлайым Байназар, сазгер, әнші: Досбол Байназаров, Кемеңгер Өтепов, күйшілер:

әкелі-балалы Мінсізбай, Жеткерген Мәмбетқызы, Тілек Махамаш және басқалары ауыл мерейін өсірген талантты жандар. Ірі дін өкілдері: Әбдірейім ишан, Ділімбет ишан, Жұмахмет қожа, Түменбай мақымның рухына ауылдың үлкен-кішісі тағзым етеді. Қол өнер шеберлері: Кенжөгіл ұста, Жұмабек Айтбембетов, Абай Қожабаев, Шырынкүл Қаракөзиева, Парасат Байназарова, Күлтай Қошқарбаевалар жасаған қол өнер бұйымдарын халық әлі күнге қастерлеп, сақтап, тұтынып отыр. Бақсы-балгерлер: Смайылұлы Өтешқожа, Бержанұлы Кәрібай қожа, Күнтуған тәуіп, сынықшы Көптілеу Оспанов, Бержан Решовтің қиналғанға жәрдемдесіп, емдеп қол ұшын бергендері ауыл халқының аңыз әңгімесінің арқауы. Спортты серік еткендер: Сексенбай Күлімбетов, Ерлан Қарабалаев, Мұрат Қуатбаев, Қасқырбай Әлімбаев, Көшербай Жармаханов, Жетіскен Мәкенәлиев, Жиеней Тәшпетов, Мырзалы Меңдібаев, Алматы Есенмананов, Айбек Шарапатов, Сенім Бектімісов, Қарасай Әжімұратов, ағайынды Мырзағабыл, Толықбол Аманов, Өмірзақ Сәрсенов, Кенжебек Қожахметов, Күләш Қошқарбаева, Гүлбағым Қожахметова, Ақмаржан Мылтықбаева, Бекзат Дәрігүлдер түрлі спорттық жарыстарда ауыл намысын абыроймен қорғап, жерлестерінің мерейін үстем етті.

«Арандыдан» шыққан текті әулеттің бүгінгі ұрпағы алматылық жеке кәсіпкер Берік Жомартұлы Сыдықов айта қаларлықтай имандылық шарасын жасады. Иманды азамат ата-бабасы қоныс еткен «Аранды» аулына «Аранды қыр» атты мешіт салып беріп, бүкіл халықтың алғыс, ризашылығын алды. 50 миллион теңгеге салынған имандылық үйінің іші-сыртының сәнділік көрінісі мешіттің ашылу салтанатына қатысушылардың бәрін сүйсіндірді. Архитектуралық құрылыстан бір мін таба алмайсың. Барша жұрт риза. Тағы бір арандылық текті әулеттің ұрпағы, облысымызға белгілі кәсіпкер азамат Темірхан Бердіәліұлы Кенжебаев 34 миллион теңгеге саябақ құрылысын салып беруді міндетіне алып, жұмыстар жүргізуде. Оған халықтың алғыстан басқа айта-

ры жоқ.

Иә, аға ұрпақтың ізгілік істерін лайықты ізбасарлықпен жалғастырған «Аранды» ауылдық округінің тұрғындары заман ағымына орай тіршілік тынысын дөп басып, пайдалы істер атқаруға дағдыланған. Округтегі проблемалар рет-ретімен шешілуде. Бұл мақсаттағы жұмыстардың қалай атқарылып жатқанын «Аранды» ауылдық округінің әкімі Әбілғазы Аймағанбетұлы Томаевтың өзінен сұрап білуді жөн көрдік.

Әбілғазы Томаев:

-Мен негізі көрші Ү.Түктібаев аулының тумасымын. Бұл ауылға 1995 жылы ірі қара фермасының бас зоотехнигі болып қызметке келдім. Содан бері осы ауылдамын. Уақыттың еншісіне телінген ауылдың қызығын да, қиындығын да арандылықтармен бірге көріп келемін. 1997 жылы шаруашылық тараған кезде округке қарасты «Аранды» аулында «Аранды қыр» шаруа қожалығының төрағасы болып қызмет атқардым. 2002 жылдан Қазалы аудандық аумақтық инспекциясының мал тұқымын асылдандыру жөніндегі инспекторы-бас маманы қызметінде болдым. 2018 жылы 19 желтоқсанда «Аранды» ауылдық округінің әкімі болып сайландым. 2022 жылы 16 қазанда ауыл халқы екінші рет маған әкім болуға сенім артты.

Әкім мамандық емес. Екі рет халық сенім артқан соң олардың сенімінің үдесінен шығу әкім ретінде де, азамат ретінде де басты міндетім мен парызым деп ойлаймын. Жағдайды мүмкіндігінше бақылауда ұстап отырмын. Әлеуметтік желіде және ауыл чатында белсендімін. Округтегі әрбір тұрғынның бақуатты өмір сүргенін жаным қалайды. Елмен әрқашан біргемін. Халықпен ақылдаса отырып, оң жұмыстарға қол жеткізуге ұмтылудамыз.

Округте дене шынықтыру –сауықтыру кешені (ДСК-фок) құрылысы салынып жатыр. Қожабақымен «Аранды» ауылдарының аралығына өз кезегімен уақыты жеткенде газ желілері тартылады деген сенімдеміз. 2018 жылы аурухана жабылып, емхана болып ашылды. Әйтсе де тоғыз жолдың торабындағы Қожабақы аулында аурухана салынып, ел игілігіне пайдалануға берілсе нұр үстіне нұр болар еді. Арман-үмітіміз бар. Халық тілегін жоғары орындар ескерсе дейміз.

Округте проблема жоқ деуге болмайды. Округ орталығы –Қожабақы аулында аяқ су мәселесі жыл сайын күрделеніп барады. Өйткені сырдың суы жыл сайын азайып бара жатқаны баршамызға белгілі. Ауыл халқының негізгі күн көрісі төрт түлік мал, осы түліктерді қажетті су мен қамтамасыз ету үшін Қожабақы аулынан үш жерден, «Аранды» аулынан екі жерден малдың өріске шығар бағытына қарай бұлақ қаздырсам деймін. Бірақ та, бәрі айналып қаржыға тіреледі ғой. Сол қиын болып тұр.

Өз кезегінде ауылдарды толық жарықтандыру, көшелерді асфальттау, интернет жылдамдығын арттыру кезек күттірмейтін мәселелер болып отыр. 100 орындық заманауи типтегі балабақша құрылысын салу басты міндет. Өйткені қазіргі пайдаланып отырған балабақшамыз апаттық жағдайда деуге болады. Жазып тастасақ жанұясын асырап отырған 30 адам жұмыссыз қалғалы тұр. Жоғарғы орындарға балабақша салынса деген ауыл тұрғындарының тілегі, өтініші бар. №25 орта мектептің құрылысы кезінде уақыт талабымен асығыс салынған. Заман талабына сай типтік мектеп салынса дейміз.

Ауыл халқы заман үрдісіне сай кәсіпкерлік іске бейімделіп ден қойды. Мәселен, Маржан Еркебайұлы Әбілқасымова мен Нұртілек Мұхамединұлы Тілеуқабылов сауда саласына бейімделді. Талпынған адам табысқа жетеді ғой. Қазір олардың жылдық сауда айналымдары 4 миллион теңгеден асады. «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 2,5 пайызбен 3,6 миллион теңге қаржы алған Ғазиз Телағысұлы кірпіш шығару жұмысын қолға алды. Сондай-ақ, Әсет Рахатов (көлік жөндеу), Римма Жәділова (жылқы өсіру), Сессия Жәдиев (сиыр өсіру) үшін 1476800 теңге несие алып іске кірісіп кетті. Кәсіпкерлер Аңғысын Медетов 9,2 миллион теңге, Маржан Әбілқасымова 13 миллион теңге, Еркін Байділдаев 2 миллион теңге алуға қол жеткізді, - деді ауыл округінің әкімі.

Иә, құтты мекенде өмір сүріп жатқан ауыл тұрғындарының өздерінің тұрмыс тіршілігін күйттеудегі талпыныстары мен құлшыныстарына әрдайым сәттілік тілейміз.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.